

Summary evaluation

What two things went really well (consider both teaching and learning)?

1:

2:

What two things would have improved the lesson (consider both teaching and learning)?

1:

2:

What have I learned from this lesson about the class or individuals that will inform my next lesson?



**Түркістан облысы Төлеби ауданы Абай атындағы
шағын жинақты жалпы орта білім беретін мектебі
Асанхан Ақмарал Сабырханқызына
“Өнер тапқыш”**

Чарипбек Бағдаулет Нұржанұлы 6.04.2006жылы Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Абай ауылында дүниеге келген. Ол жастайынан алғыр да, тапқыр бала. Ол отбасында ата-анасы, ағасы және екі інісімен тұрады. Үлкенге құрмет, кішіге ізетті болу қашанда оның жанынан табылған. Қазіргі таңда Абай атындағы шағын жинақты жалпы орта білім беретін мектебінің 7-сынып оқушысы. Оқуда озат. Сүйіп оқитын

пәндері: математика, физика, биология. Бос уақытында спортпен, тоғызқұмалақпен айналысады. Сонымен қатар қосымша сабақтарға қатысады. Әсіресе физика пәнін сүйіп оқиды. Үнемі тұрмысқа қажетті заттарды ойлап, тауып, жасап жүреді. Соның бір мысалы ретінде оның жасаған жұмысы “Қайық” жайлы айтсақ болады. Оған арнайы батерейка, пенапласт, қозғалтқыш (моторчиктерді) пайдаланып қозғалысқа келтіреді. Қайық суда жүзеді. Сол жұмысының нәтижесінде Шымкент қаласы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде «STEAM-болашақ білімі» физика апталығы аясында қашықтықтан өткізілген облыстық «Қиялда шек жоқ» атты STEAM project сайысының III дәрежелі дипломымен марапатталды. Жетекшісі Асанхан Ақмарал Сабырханқызына Алғыс хат берілді.

**Түркістан облысы Қазығұрт ауданы «Шақпақ» негізгі орта мектебі химия пәнінің
мұғалімі Мамешева Салиха Охапқызы**

Кристалл торларының түрлері, заттардың қасиеттерінің құрылысына тәуелділігі

Осы сабақта қол жеткізілетін оқыту мақсаттары (оқыту бағдарламасына сілтеме)	8.1.4.3 - кристалл торларының түрлері, заттардың қасиеттерінің құрылысына тәуелділігін түсіндіру
Сабақ мақсаттары	Байланыс түрлерін білу. Кристалдық торлардың түрлері туралы түсінік қалыптастыру Кристалл тор түрлерін ажырата алу. Заттардың құрылымы мен қасиеттері арасындағы қатынас орнату.
Жетістік критерийлері	Байланыс түрлерін біледі. Кристалдық торлардың түрлері туралы түсінік береді Кристалл тор түрлерін ажырата алады. Заттардың құрылымы мен қасиеттері арасындағы қатынас орнату.
Тілдік мақсаттар	Оқушылар орындай алады: Металдардың қасиеттері мен реакциялары туралы ескерту ретінде мәлімет жазу Пәнге қатысты лексика мен терминология жұмсақ, жылтыр, тор, металдар, иондар, электрондар Қайнау/балқы нүктесі Жылтыр, иілгіш, созылымды Диалогқа/жазылымға қажетті тіркестер Барлық/көпшілік метал: - жоғары қайнау/балқы температурасына ие

Сабақ барысы

28

75 – 78 минут	тұжырымдамалар келтірілген. Сол тұжырымдамалардың қайсысы дұрыс не дұрыс емес екендігін анықтаңыз. Дұрыс емес тұжырымдаманы дұрыстаныз (асты сызылған сөздерді дұрыстай алмайсыз). 2. Жұмыстарды мұғалім тексереді. Бағалайды. Жеке жұмыс: Оқушылар өз бетінше қосымша 4 тапсырмасын орындайды. Бір бірімен алмаса отырып , тексереді. Қажет болған жағдайда мұғалім көмектеседі. АВС заттарының кейбір физикалық қасиеттері берілген Әр заттардың кристалл торларын анықтаңыз, өз жауабыңызды түсіндіреді. Қажет болса мұғалім тексеріп кері байланыс жасайды. Сабақты қорытындылау . Максаттарға оралу Қорытындылау бойынша сұрақтар қою. – Кристалдық тордың қандай типтері бар? – Металдық кристалл тор түйіндерінде қандай бөлшектер орналасқан? – Металдарға қандай қасиеттер тән?	
Сабақтың соңы 78 – 80 минут	Кері байланыс.	Презентация
Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?	Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?	Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы
Барлығы: --3 және одан көп металдарды сипаттайтын физикалық қасиеттерін анықтайды; - металдардың кристалл торларының түзетіндігін анықтай алады. - металдардың маңызды физикалық қасиеттерін атайды - металдардың қандай кристалл торына жататынын анықтай алады	Сабақ кезеңдерінде бағалау.	Тәсілдердің түрлілігі және шаршауды басу үшін оқушылардың бір-бірімен әңгімелесуі.
Сабақ бойынша рефлексия	Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз.	
Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме? Жеткізбесе, неліктен? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма? Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?		
Жалпы баға		
Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланңыз)?		
1:		
2:		
Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланңыз)?		
1:		
2:		
Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?		



Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы
«Шақпақ» НОМ
Химия пәнінің мұғалімі
Маметова Салиха Ошапқызы

Қышқылдар

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: 8.4А Бейорганикалық қосылыстардың негізгі класы. Генетикалық байланыс		Мектеп:	
Күні:		Мұғалімнің аты-жөні:	
Сынып: 8		Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақ тақырыбы:		Қышқылдар	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)		8.3.4.8 қышқылдардың қасиеттерін, классификациясын білу және түсіну, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын, реакция теңдеулерін жаза білу.	
Сабақ мақсаттары		Оқушылар жасай алады: - Қышқылдардың жіктелуін білу - Қышқылдардың қасиеттерін білу - Химиялық реакция теңдеулерін жазу	
Бағалау критерийлері		Егер төмендегі жетістік критерийлерін орындаса, оқушы оқу мақсатына жетеді: - қышқылдардың жіктелуін біледі - химиялық қасиеттерін біледі - реакция теңдеулерін құрастыру дағдыларын дамытады	
Тілдік мақсаттар		Оқушы орындауы тиіс: ауызша және жазбаша жауаптарда ғылыми терминологияны қолдану Пәнге қатысты лексика мен терминология: Қышқылдық, негіздік, екідайлы оксидтер, тұз түзуші және тұз түзбейтін оксидтер; орта, қышқылдық, негіздік тұздар сілті, суда ерімейтін негіздер, екідайлы негіздер Диалогқа/жазылымға қажетті тіркестер сутек атомы мен қышқыл қалдығынан тұратын заттар Кальций оксидін суда еріткенде құрамы зат түзіледі.	
Құндылықтарды дарыту		Оқушының логикалық ойлау дәрежесін. Қарым-қатынасын. Жауапкершілігін арттыру. Жаһандық азаматтылық.	
Пәнаралық байланыстар		Биология	
АКТ қолдану дағдылары		Power point Twig-bilim.kz	
Бастапқы білім		Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары	
Сабақ барысы			
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар

Сабақтың басы 0-2 минут	Оқушылармен амандасу. I. Ұйымдастыру кезеңі Ұй тапсырмасы бойынша сұрақтар қою арқылы өткен сабақты еске түсіру. Бүгінгі тақырыптың аты және мақсаты оқушыларға әр түрлі жеміс-жидектердің суреттері беріледі. Оқушылар олардың арасындағы байланысты анықтайды.													
Сабақтың ортасы 2-9 минут	Оқушылар, мына суреттерге қараңдаршы, осы заттар арасында қандай байланыс бар? (алма, лимон, айран, аскорбин қышқылының дәмдері қышқыл болады). Қышқылдар несімен ерекшеленеді? Олар табиғатта және адам өміріне қажет пе? Күнделікті өмірде қолданылып жүрген азық-түліктердің көбінің қышқыл дәмі болады. Оларға қышқыл дәм беретін заттар қышқылдар деп аталады. Қышқылдармен біз күнделікті өмірде жиі кездесеміз. Мысалы, жаңбырдың суы ол таза көрінгенімен, оның құрамында еріген көптеген заттар бар. Жаңағы айтқан ауадағы кездейсоқ газдар суда еріп қышқылдар түзеді де, қышқылдық жаңбыр ретінде жерге түседі, ал ол табиғатқа және адамдарға өте зиян. Біздің ағзамызда да қышқылдар бар (асқазанда – тұз қышқылы, аминқышқылдары ақуызды түзеді, ал олар біздің бұлшық еттерімізді түзеді). Егер орманда құмырсқаның илеуінің жанында көп отырып қалсаңдар, құмырсқаның шаққан жерлері көпке дейін ашиды. Себебі, құмырсқа тек шағып қана қоймай, жараға құмырсқа қышқылын жібереді. Үйде салат жасағанда, консервілегенде сірке қышқылы, лимон қышқылы қолданылады. Сонымен, қышқылдар біздің айналамызда жиі кездеседі. Қышқылдарды қандай қасиетіне сүйеніп жіктейміз? Оқушылар өздерінің тұжырымдарын айтады: екі қасиетіне сүйеніп, қышқылдарды екі топқа бөлеміз. Бірінші, сапалық жағы, құрамында оттегінің болу болмауы, екінші, сандық құрамы, қышқылдағы сутегінің саны.	https://www.twinkl.com/primary-resources/worksheets/acid-and-alkali-worksheets/part-1-5730/												
10-15 минут	Қышқыл ортада индикаторлар түсін өзгертетінін демонстрациялайды. Оқушылардан индикаторлар туралы сұраңыз. Кесте толтыртыңыз.													
	<table><tr><th>Индикатор</th><th>Ортадағы индикатордың түсі</th></tr><tr><td></td><th>Қышқылдық орта</th></tr><tr><td>Лакмус</td><td></td></tr><tr><td>Фенолфталеин</td><td></td></tr><tr><td>Метилоранж</td><td></td></tr><tr><td>Әмбебап</td><td></td></tr></table>	Индикатор	Ортадағы индикатордың түсі		Қышқылдық орта	Лакмус		Фенолфталеин		Метилоранж		Әмбебап		
Индикатор	Ортадағы индикатордың түсі													
	Қышқылдық орта													
Лакмус														
Фенолфталеин														
Метилоранж														
Әмбебап														
16-30 минут	Қышқылдардың химиялық қасиеттерін тәжірибе жүзінде көрсетіледі. Қышқылдардың металдармен әрекеттесуі $\text{Mg} + \text{H}_2\text{SO}_4 \rightarrow \text{MgSO}_4 + \text{H}_2 \uparrow$ $\text{Zn} + \text{H}_2\text{SO}_4 \rightarrow \text{ZnSO}_4 + \text{H}_2 \uparrow$ $\text{Cu} + \text{H}_2\text{SO}_4 \rightarrow$ $\text{Fe} + \text{H}_2\text{SO}_4 \rightarrow \text{FeSO}_4 + \text{H}_2 \uparrow$ <table><tr><th>Жұмыс барысы</th><th>Реакция теңдеуі</th><th>Байқалған құбылыс</th></tr><tr><td>№1 тәжірибе</td><td></td><td></td></tr><tr><td>№2 тәжірибе</td><td></td><td></td></tr><tr><td>№3 тәжірибе</td><td></td><td></td></tr></table>	Жұмыс барысы	Реакция теңдеуі	Байқалған құбылыс	№1 тәжірибе			№2 тәжірибе			№3 тәжірибе			Магний,мырыш,мыс,темір, күкірт қышқылы
Жұмыс барысы	Реакция теңдеуі	Байқалған құбылыс												
№1 тәжірибе														
№2 тәжірибе														
№3 тәжірибе														

31-37 минут	№4 тәжірибе Тәжірибеден көретініміз: қышқылмен шабытты әрекеттесетін магний Mg, одан соң мырыш Zn, баяу әрекеттесетіні темір Fe, ал мүлде реакцияға түспейтіні мыс Cu. Соңғы сынауықтан сутек бөлінбейді. Демек, металдардың қышқылдарға қатысты белсенділігі әр түрлі. Соған байланысты металдардың кернеу қатары құрылған. Li K Ca Na Mg Al Zn Fe Ni Sn Pb (H) Cu Hg Ag Au. Бұл кернеу қатарын орыс ғалымы Н.Н.Бекетов жасаған және тәжірибе нәтижесінде дәлелденген. Кернеу қатарында сутектің сол жағында орналасқан металдар сутекті сұйылтылған қышқылдардан (HNO₃ басқа) ығыстырып шығарады. Қышқылдардың металл оксидтерімен әрекеттесуі. Көрнекілік тәжірибе. CuO + H₂SO₄ → CuSO₄ + H₂O Қара түсті мыс (II) оксидінің ұнтағына аздап қышқыл ерітіндісін құйып, қыздырса, ол көгілдір түске айналады. Оны суалтқанда кристалл зат мыс (II) сульфаты бөлінеді. Оқушылар мына реакция теңдеуі қай реакция типіне жатады? Төменгі және жоғарғы деңгейдегі сұрақтар арқылы оқушылар қышқылдардың химиялық қасиетін қаншалықты дұрыс түсінгеніне көз жеткізіңіз	https://www.twinkl.com/primary-resources/teaching-resources/acid-and-alkalis-part-2-5731/
Сабақтың соңы 38-40 минут	Рефлексия - бүгінгі сабақтан алған әсерім.... - мынаны түсіндім.... - маған мынау қиын болды..... - келесі сабаққа ұсынымын....	
Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?	Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?	Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы
Барлық оқушылар: қышқылдардың физикалық және химиялық қасиеттерін білсе; Көптеген оқушылар: химиялық қасиеттерін зерттей алса; Кейбір оқушылар: электрохимиялық кернеу қатарын анықтай алса;	Сынып оқушылары топтардың жұмысын бағалайды.	Сабақ бойы оқушылар мен мұғалім арасында, оқушылардың өздері арасында талқылаулар жүреді, бұл тілдесу дағдысын дамыту және басқалардың пікіріне сыпайы болуы үшін кең мүмкіндіктер береді.
Сабақ бойынша рефлексия Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылғанба? Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткіздіме? Жеткізбесе, неліктен? Сабақта саралау дұрыс жүргізілдіме? Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталдыма? Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?		Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз.
Жалпы баға Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланьңыз)? 1: 2: Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланьңыз)? 1: 2:		